



Туған күнінің мені

Бұл оқиғаны саған айтқан адамның аты:



**Енді мен өзімнің мәсіхші екенімді білемін, өйткені:
...Киелі кітапта солай айтылған.**

Ғалаттықтарға 3:26 былай дейді...Мен Құдайдың баласымын.
1 Жохан 1:9 былай дейді...Құдай мені кешіреді.
Жохан 3:16 былай дейді...Құдай мені сүйеді.
Жохан 14:2,3 былай дейді...Мен аспанға барамын.

Менің аты - жөнім: _____

Мен _____ Құдайдың отбасына мүше болдым.
(күні)

Бұл менің қайта туылу күнім.

Енді сен мәсіхшісің және Құдайдың отбасына мүше болдың...

- ...Киелі кітапты күнделікті оқы.
- ...Аспандағы Әкең, Құдаймен сөйлес.
- ...Балалар қауымына және жексенбілік қызметке үздіксіз бар.
- ...Өз достарыңа және туыстарыңа Иса туралы айт.
- ...Әркімге сүйіспеншілікпен жақсылық істе.
- ...Әрқашан көмекке келуге дайын бол.

ОСЫ
ОҚИҒАНЫ
ОҚЫП ШЫҚ

Бүгін Әділдің туған күні еді. Ол он жасқа толды.

Оның туған күніне барлық достары келді. Әрбіреуі сыйлықтарын ала келді. Олар біраз ойнағаннан кейін, торт пен балмұздақ жеді. Енді Әділ әкелген сыйлықтарды ашуға кірісті.

Әділ біртіндеп барлық сыйлықтарды аша бастады, олардың ішінде ойыншық машина, кеме, доп, әдемі сағат бар екен. Әрине, бұл сыйлықтар оған тегін берілген еді. Бұл сыйлықтарды оған өзін жақсы сыйлайтын достары әкелді.

Әділдің қуанышы қойнына сыймады! Бүгін оның туған күні. Осыдан он жыл бұрын ол дүниеге келді.

Міне, жақын досы Әлібектің сыйлығын ашатын кез келді. Сыйлыққа бір қағаз жапсырылған екен. Қағаздың бетінде сұрақ жазылыпты. Ол мынандай сұрақ еді:

«ҚҰДАЙДЫҢ ОТБАСЫНА МҮШЕ БОЛДЫҢ БА?»

Осы сұрақ Әділді қатты ойландырды. «Мен Құдайдың отбасына мүше болдым ба?» деп ол өз – өзінен сұрады.

«Әлібек, «Құдайдың отбасына мүше болдың ба?» дегенді қалай түсінсем екен...

«Сен мәсіхшісің бе?» деп сұрады Әлібек.

«Егер қауым туралы сұрасаң, әрбір жексенбі сайын барамын», деді Әділ.

«Сенің қайта туылуың қажет, сонда Құдайдың отбасына мүше бола аласың. Әділ, екі рет туған күніңді тойлайтын боласың», деді Әлібек.

«Қалай екі рет туған күнімді тойламақпын?» деп сұрады Әділ.

Әділдің басы тіпті қатып кетті. Қалайша ол қайтадан нәресте болмақ? Қалайша ол Құдайдың отбасына мүше болмақ? Қалайша мәсіхші болмақ?

Сен де Әділ секілдімісің? Сенің де осындай сұрақтарың бар ма? Ол сұрақтарға жауабың бар ма? Егер жауапты білмесең, әрі қарай оқы, сонда екінші рет қайта туылу туралы білетін боласың:

1. Әрбір адамның Құдайдың алдында жамандық істегенін білесің бе? Киелі кітап былай дейді: «Бәрі де күнә жасады (жамандық істеді)».
2. Сенің істеген жаман қылықтарың үшін Иса айқыш ағашта өлу арқылы жазаңды төлегенін білесің бе?
3. Сен Құдайдың Өзінің рухани Ұлы Исаны әлемге сый ретінде жібергенін білесің бе?
4. Сен Исаның тірі екенін білесің бе?
5. Құдайдың сенің мәсіхші болғаныңды қалайтынын білесің бе? Бұл Құдайдың отбасына мүше болып қайта туылу дегенді білдіреді. Сонда сенің ЕКІ туған күнің болмақ! (Иса былай деген: «Қайтадан туылуға тиіссіңдер» Жохан 3:7)

Ал енді, Құдаймен мінажат арқылы сөйлесе отырып, Оның отбасына мүше болуды қалайсың ба?

1. Құдайдан істеген жаман қылықтарың үшін кешірім сұра. «Бәрі де күнә жасады...», Римдіктерге 3:23
2. Құдайға Исаның сен үшін айқыш ағашта өлгеніне сенетініңді айт. «Киелі жазбаларда алдын ала айтылғандай, Мәсіх біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін жанын қиды» . Қорынттықтарға 15:3
3. Құдайға Исаны өзінің Құтқарушың және Досың ретінде қабылдайтыныңды айт. «Исаны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті», Жохан 1:12
4. Көктегі Әкең, Құдайға Исаны жібергені үшін рахмет айт, 2 Қорынттықтарға 9:15
5. Енді Құдайдың отбасына мүше болғаның жөнінде біреуге айт, Лұқа 2:17

Саған айтуға арналған мінажат:

Аспандағы Әкем,

Жаман қылықтарым үшін мені кешірші. Сенің рухани Ұлың Иса менің күнәларым үшін айқыш ағашта өлгеніне сенемін.

Мәсіхшіге лайықты сөйлеуге және өмір сүруге көмектесші. Әрбір істеген ісім мен айтқан сөзім арқылы Саған ұнамды болуыма көмектесші.

Ал қазір, мен Сенің рухани Ұлың Иса үшін алғыс айтқым келеді. Ол мені сүйеді және әрқашан маған көмекке келуге дайын.

Аумин